ЖШС «Ұлмекен-Ана» балалар бақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттама №1

28.08.2022 жыл

Барлығы:9
Қатысқандар:9
Қатыспағандар:0

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «2022 - 2023 жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары» Мақсаты: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы. 2022 - 2023 оқу жылының жұмыс жоспары және негізгі жылдық міндеттемелерін талқылау, бекіту.

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы.
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022 - 2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру.
4. 2022 - 2023 оқу жылының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстыру, бекіту.
5. Вариативтік компоненттер.
6. Ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі.
7. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі.
8. Топ балалар тізімдері.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі П. Охасова жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысын жариялады.

- Жазғы сауықтыру маусымында

2. Екінші мәселе бойынша меңгеруші П. Охасова Қазақстан Республикасының 2022 - 2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды.

- Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; - баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

3. Үшінші мәселе бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы қарастырылды.

- Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады: 1) бөбек жасы – 0-3 жас: нәрестелік жас – туғаннан бастап; ерте жас – 1 жастан бастап (ерте жас тобы); кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ); 2) мектепке дейінгі жас – 3-6 жас: орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ); ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ); мектепалды жас – 5 жастан бастап (мектепалды тобы, мектепалды сыныбы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тәрбиеленушілердің игеру мерзімі - 5 жыл.

Оқу бағдарламасы – меңгерілуі тиіс білім, біліктердің, дағдылар мен құзіреттіліктердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

4. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша П.Охасова 2022 - 2023 оқу жылының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстырып өтті.

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын

әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық

мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталады.

6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес
ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі түзілді.

- Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

5.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.

7.Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі П.Охасова педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан өту кестесін құрып, сол бойынша педагогтардың курстан міндетті түрде өту керегін айтып өтті.

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: – Біліктілікті арттыру курстары бағдарламаларының мазмұны педагогикалық қызметтің барлық түрлерін іске асыру үшін педагогке қажетті пәндік, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және басқа да құзыреттердің оңтайлы ара қатынасын қамтитын болады, – деп нақты айтылған. Біліктілікті арттыру – мұғалімнің өз қызметін нәтижелі атқаруы үшін және кәсіби деңгейін көтеру мақсатында арнайы оқу бағдарламалары арқылы оқыту, кәсіби даму іс-шараларына қатыстыру және өз білімін көтеруі болып табылады. Педагогтердің біліктілігін арттыру – оқыту және оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны.Қазіргі таңда біліктілік арттыру курстары түгелімен онлайн режимде өткізілуде. Қазіргі егеменді еліміздің ертеңі білімді де бәсекеге қабілетті ұрпақтардың қолында. Олай болса, уақыт талабына, замана талғамына сай ұрпақ тәрбиелеуде білікті де білімді, құзыретті, жауапкершілігі мол ұстаздар ғана жүзеге асыра алады-деп өз сөзін аяқтады.

8. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша топ балаларының тізімі жасалынғандығын әдіскер М.Тленчина айтып өтіп, тәрбиешілерге әлеуметтік карта толтыруды тапсырды. Әр топ балаларының жас ерекшелігі ескеріліп, стандарт талаптарына сай , ұйымдастырылған іс-әрекеттерін ұйымдастыруды ескертті. Балалар тізімі бойынша топ кереуеттеріне, төсек-орындарына, столдерына маркировка жасауды тапсырды.

Қаулы етеді:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022 - 2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырылсын.
3. Әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес жұмыстар жүргізу тәрбиешілерден сұралсын.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен таныстырылсын.Түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
5. 2022 - 2023 оқу жылының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстырылсын, бекітілсін.
6. Вариативтік компоненттерінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталынсын.
7. Ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі түзілсін. Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарға сай ұйымдастыру тәрбиешілерге жүктелінсін.
8. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі түзілсін.
9. Кестеге сәйкес біліктіліктерін арттыруын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын.

8. Топ балалар тізімдері жасалсын. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай топқа орналасуын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын.

Жиналыс төрағасы: П.Охасова

Хатшы: М.Тленчина

ЖШС «Ұлмекен- Ана» балалар бақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттама №2

20.10.2022 жыл

Барлығы:9
Қатысқандар:9
Қатыспағандар:0

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту»

1.Дөңгелек үстел «Инновациялық технологиялар арқылы сөйлеу қызметін дамытудың нысандары мен әдістерін жетілдіру» меңгеруші П. Охасова

2.Баяндама «Баланың шығармашылық қабілетін дамытуда дәстүрден тыс сурет салу тәсілін қолдану»

3.Баяндама «Мектеп жасына дейінгі балалардың көркем әдебиетпен таныстыру» Тәрбиеші А.Ибрагимова

4.«Өз – өзіңді таны»-іскерлік ойын

Тыңдалды.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі П.Охасова Инновациялық технологиялар арқылы сөйлеу қызметін дамытудың нысандары мен әдістерін жетілдіру тақырыбында өткізілген дөгелек үстелді қорытындылады.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында «Коммуникация» негізгі білім беру саласына кіреді. «Коммуникация» білім беру саласының базалық мазмұны-сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. «Коммуникация» білім беру саласының мазмұны баланың тілін дамытуды, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруды, белсенді және пассивті сөздік қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетін, баланың байланыстырып сөйлеуін басқа білім салаларымен кіріктіру арқылы жетілдіруді қамтамасыз етеді.Баламен үнемі сөйлесу керек. Сөйлесудің, сөйлеу арқылы қатынасқа түсудің болмауы баланы шаршатып, мазасыз күйге әкеледі. Бала ашуланшақ болып, өзінің көңіл-күйін айқайлау, жылау арқылы білдіреді. Балалардың сөйлеу тілін дамыту барлық балабақша педагогтарының сауатты, бірлескен жұмысының нәтижесінде ғана орын алатын мәселе. Балабақша ішіндегі барлық мамандардың бірлескен жұмыстарының: кеңес беру, шеберлік сыныбы, семинар және тәжірибемен бөлісу, бірлескен отырыстар, талқылау нәтижесінде ғана баланың сөйлеу тілінің дамуының жетістігіне қол жеткізуге болады- деп өз сөзін аяқтады.

2. Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Н. Мырзабекова «Баланың шығармашылық дамытудағы дәстурден тыс сурет салу» тақырыбындағы баяндамасы талқыланды.

Тәрбиеші А. Ибрагимова

- Арт терапия – термині «өнермен емдеу» деген мағынаны білдіреді. Оны ең алғаш қолданысқа енгізген Адриан Хилл болды. Бұл терапия баланың тек шығармашылық

қабілетін дамыту ғана емес, сонымен қатар баланың тілін дамытуға мүмкіндігін ашуға жағдай жасау. Арт терапия – баланың жан дүниесіне шығармашылық жұмыстар арқылы әсер етуді білдіреді.
Арт терапияның көптеген бағыттары бар. Олар: музыкатерапия, сурет терапиясы, битерапия, кинотерапия, драмтерапия, библиотерапия, куклотерапия. Бұл бағыттар жеке дара әдістеме ретінде де және көмекші әдістеме ретінде де қолдана береді. Бала өзінің ішкі сезімін сөзбен ғана емес, сонымен қолға қылқалам немесе карандаш алып сурет салу арқылы білдіре алады.. Бала сурет салу арқылы өзінің ішкі жан дүниісін, көңіл-күйін білдіреді. Егер де бала бір нәрсеге ашулы, масасыз, көңіл-күйі жоқ болып сурет сала бастаса, оның бойында тек жағымсыз эмоциялар басым болып, бала үрейлене бастайды. Түстерді таңдауы да көп нәрсені білдіреді. Мысалы: қызыл түс – ашулы, қара,– көңіл күйінің жоқтығы, сұр – мазасыздығын білдіреді. Кейбір жеке түстер баланың жеке ішкі сезім күйін, мысалы: сары мен қызыл көтеріңкі көңіл күйді, жасыл – тыныштықты, сабырлықты білдіреді. Сурет салу кезінде баланың көңіл-күйін көтеруге, қуаныш сезімдерін оятуға болады. Арт терапия арқылы баланың бойындағы қабілетті ашып, шыңдауға болады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Тәрбиеші Өтебай Сусар «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту тиімділігінің факторы ретінде педагогтің сөйлеу коммуникациясын дамыту» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды.

Тәрбиеші Өтебай С

- Сөйлеу қабілеті – бұл барлық әрекеттің жүзеге асуының негізгі құрамдас бөлігі және алғашқы шарты болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымда баланың сөйлеу тілін белсенді дамыту тек қана арнайы дайындалған оқу қызметінде ғана емес, басқа күн тәртібі кезінде, баланың балабақша ішінде болған барлық уақытында жүзеге асуы керек. Бала күнделікті таңертең балабақшаға келгенде топта баламен күнделікті тұрмыста орын алатын жағдайлар туралы әңгімелесуге болады. Балалар өздерінің жасаған әрекетін, өздерінің белсенді сәттерін, өздеріне қызықты болған жағдайларды белсенді айтуға тырысады. Серуенге шығу баланың эмоционалдық жай-күйінің және сөйлеу тілінің белсенділігін тудырады. Баламен серуенге шығу кезінде және басқа күн тәртібіндеі бос уақытта түрлі ойындар ойнау арқылы баланың сөздік қорының кеңеюіне көмегін тигізеді. Мысалы, «Орманға саяхат» қимылды ойынында балалар ормандағы тіршілік иелерінің атауымен және олардың тұрақтарымен, мекен ететін жерлерінің атауын, олардың төлдерінің атауын айтып, жаңа сөздерді меңгеріп, есте сақтайды.

Тәрбиеші И.Омарова

- Өзіңді - өзің танысаң – істің басы деп Ш. Құдайбердіұлы айтқандай қандай да бір істі бастамас бұрын бірінші өзіңді танып,құрметтеуің керек екендігін ұғындық. Мен кіммен деген бөлімі арқылы бойымыздағы бар қасиеттерді атай білдік, сондай мінездерімізді тани білдік, мойындай білдік.

Қаулы етеді:

1. «Инновациялық технологиялар арқылы сөйлеу қызметін дамытудың нысандары мен әдістерін жетілдіру»тақырыбындағы дөңгелек үстелөз деңгейінде өтілді деп есептеліңсін.

2.Тәрбиеші Р.Дауылбаева «Балаларды көркем әдебиетпен таныстыру» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттаралық деп танылсын.

3.Тәрбиеші Ж. Алимханова «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту тиімділігінің факторы ретінде педагогтің сөйлеу коммуникациясын дамыту» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.

4. Педагогтардың психологиялық хал ахуалын салыстыру, өзін өзі тану арқылы көп нәрсеге қол жеткізу секілді іс-шараларын көптеп өткізу.

Жиналыс төрағасы: П. Охасова

Хатшы: М. Тленчина

ЖШС «Ұлмекен-Ана » балалар бақшасы

Педагогикалық кеңес

Хаттама №3

07.12.2022 жыл

Барлығы:9
Қатысқандар:9
Қатыспағандар:0

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Балалардың денсаулығын сақтау танымдық құзыреттілігін ұйымдастыру»

1.Дөңгелек үстел «Ұлттық ойындар арқылы білім беру процесіне қатысушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру»

Меңгеруші П. Охасова

2.Баяндама «Дамыту оқыту технологиясын қолдану жолдары» Тәрбиеші Ж.Алимханова

3.Баяндама «Дидактикалық ойындар арқылы танымдық тәрбие беру» Тәрбиеші А. Ибрагимова

4.Көрме . «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» педагогтер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі П.Охасова «Ұлттық ойындар арқылы білім беру процесіне қатысушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Дөңгелек үстелде

- Ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты рөл атқарады: біріншіден, жаттығулар жасап, ұлт ойындарын ойнаған кезде дене дамуы жақсарса, екіншіден, ұлт ойындарының мазмұнын, ойлау тәртібін түсіндірген кезде ұлттық әдет – ғұрпымыздан, өткен өміріміздің хабар алады. Егер балабақшада жұмыс стилі ұлттық дәстүр, салт – санаға бағытталған болса, мысалы, барлық топ бөлмелері, залдар қабырғаларындағы тұскиіз,ою, сырмақ, домбыра, қамшы, ер сияқты заттардың өзі күнделікті баланың көз алдында болғандықтан осы бұйымдарға көздері қанық болып өседі.Жалпы ойынның қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан- ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделеді. Тапқыр да алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Демек ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәт те естен шығармағандары абзал. Өйткені жас өндір бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін!

2.Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Н. Мырзабекова «Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі мен сауықтырудың жаңа тәсілдері» тақырыбындағы баяндамасы талқыланды.

- Дене тәрбиесі – адамның дене мүшелерін шынықтырып, бала психикасының дамуына әсер ететін,адам ағзасының барлық жағынан жетілуіне, қимыл әрекеті мен

дағдысының,білімнің қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған көп қырлы педагогикалық процесс. Дене тәрбиесінің мақсаты- балалардың денсаулығын нығайту, денесінің дұрыс дамуын қамтамасыз ету, қолайлы жағдай жасау.

Тәрбиеші Н.Мырзабекова

-Шынықтыру шаралары: ауа,су,күн. Күнделікті өмірде тәрбиеші бұларды сауықтыратын процедура түрінде, ауа және күн ваннасын, шомылу, сулы шүберекпен ысқылану, үстіне суық су құйыну түрінде пайдаланады.Сонымен қатар алғашқы күннен бастап жүйелі түрде балалардың күн тәртібін орындауға үйретеміз,қадағалаймыз, әр баланың өзі орындайтындай деңгейге жеткіземіз.

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Ж. Алимханова «Дидактикалық ойындар арқылы танымдық тәрбие беру» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды.

- Дидактикалық ойын формасы кішкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады. Оның арғы тегі ойынды өлең мен қимылмен ұштастыру негізінде көп нәрсеге үйрететін ойындарды жасаған халық педагогикасында жатыр. Дидактикалық ойынның нәтижесі қандай жолмен болса да ұту емес, балалардың білімді игеруі, ақыл-ой қызметін дамытуда, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктерінің көрсеткіштері.

Тәрбиеші Алимханова Ж:

- Дидактикалық ойындар айналадағы табиғатпен таныстыру сабағында , математика, сөйлеуді дамыту, сауат ашу сабақьарында жиі қолданады. Дидактикалық ойындарды топ бөлмелерінде, аулада, ойын алаңшаларында өткіземіз. Дидактикалық ойынның орталығы ойыншықтар мен ойын құралдары.

4.Төртінші мәселе бойынша балабақшада ұйымдастырылған «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» тақырыбында көрменің өтілу барысы талқыланды.

Тәрбиеші Н. Мырзабекова Бұл көрмені ұйымдастырудағы мақсатымыз- балалардың ағзасын шынықтыру, денсаулықтарын сақтау,ептілікке,шапшаңдыққа баулу.Жаңа технология элементтерін пайдалана отырып, балалардың дене шынықтыруға қызығушылықтарын арттыру. Дене шынықтыруға арналған жабдықтарды пайдалана отырып, балаларға қолдануға ыңғайлы, талапқа сай,стандарт талаптары қасталған жабдықтар жинақтау.

Тәрбиеші Алимханова Ж:

- Көрме өте жақсы ұйымдастырылған. Денсаулық сақтау технологиясына арналған құрал-жабдықтарды жасау, көрсету, қолдану жұмыстары өте тиімді ұйымдастырылған.

Қаулы етеді:

1.Әдіскер М. Тленчина ұйымдастырған «Ұлттық ойындар арқылы білім беру процесіне қатысушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы дөңгелек үстел жоғары деңгейде өтілді деп танылсын.

2. Ұлттық ойындар элементтерін көптеп ұйымдастырылған іс-әрекетттерде пайдалану тәрбиешілерге жүктелінсін.

3.Тәрбиеші Ж. Алимханова «Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі мен сауықтырудың жаңа тәсілдері» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.

3.Тәрбиеші Р. Дауылбаева «Дидактикалық ойындар арқылы танымдық тәрбие беру» тақырыбындағы баяндамасы өз деңгейінде оқылды деп танылсын.

4. «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» тақырыбында ұйымдастырылған көрме жоғары деңгейде деп танылсын.

5. Балалардың денсаулығын сақтау, ептілікке, шапшаңдыққа баулу жұмыстары одан әрі жалғастыру тәрбиешілерге тапсырылсын. .

Жиналыс төрағасы: П.Охасова

Хатшы: М.Тленчина

ЖШС «Ұлмекен-Ана»бөбекжай балалар бақшасы

Педагогикалық кеңес

Хаттама №4

04.03.2023 жыл

Барлығы:9
Қатысқандар:9
Қатыспағандар:0

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Сюжеттік -рөлдік ойындар сөйлеуді ,қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру»
1 «Сюжеттік -рөлдік ойындар үшін пәндік-дамыту ортасын құру» есеп беру. Әдіскер М.Тленчина
2.Баяндама «Рөлдік ойындар» Н. Мырзабекова
3.Баяндама «Мектеп жасына дейінгі балалармен театр және ойын қызметін ұйымдастыру. Ж. Алимханова

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі П. Охасова балабақшада сюжеттік-рөлдік ойындар үшін пәндік-дамытушы ортаны құру жөнінде есеп берді.

Меңгеруші : П. Охасова

- Мектепке дейінгі ұйым топтарында пәндік дамытушы ортаны ұйымдастыруға оның құрамдас бөліктерін әр тараптандыруға тырысып, шығармашылықпен қарау керек. Мен балабақшада пәндік дамытушы ортаны талапқа сай ұйымдастыруға барынша еңбек етудемін. Пәндік дамытушы ортаны ұйымдастыруда балалардың физикалық даму дағдысы, қатынас дағдысы, танымдық,зерттеушілік дағдысы, шығармашылық дағдысы, әлеуметтік дағдысы қалыптасады. Пәндік дамытушы ортада балалар өздері қалаған әспен өз еріктерімен айналыса алады. Осылайша олардың жасауға,бастаған ісін аяқтауға деген, ұжымдық жұмыс жасай білуге, айналасындағылармен жақсы қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелейміз.

2. Екінші мәселе бойынша Тәрбиеші Р. Дауылбаева «Рөлдік ойындар » тақырыбындағы баяндамасы талқыланды.

Тәрбиеші Р. Дауылбаева:

Ойын- мектепке дейінгі кезеңдегі іс-әрекеттің негізгі түрі. Балалардың ойын іс әрекетінің бір түрі сюжеттік-рөлдік ойындар. Олар мектеп жасына дейінгі балаларға тән ойындардың негізгі қорын құрайды. Психолог Д.Б.Эльконин сюжеттік-ойындарға мынадай анықтама берді: «Рөлдік немесе мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық ойыны дамыған түрде балалар өздеріне үлкендердің рөлін алатын және жалпы түрде арнайы жасалған ойын жағдайында үлкендердің әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынасты қайталау әрекеті» деп көрсетті.Сюжеттік рөлдік ойындардың көзі-балаларды қоршаған әлемдегі заттар ,адамдар,табиғат,өздері мен үлкендердің өмірі мен әрекеттері. Рөл-Сюжеттік-рөлдік ойынның негізгі діңгегі болып табылады. Ойында рөлдің болуы бала санасында өзін қандай да бір адаммен теңетіреді де,

ойында соның артынан әрекет етеді соған сәйкес қажетті заттарды пайдаланып,басқа ойыншылармен түрлі қарым-қатынасқа түседі. Сюжетті орындаудың негізгі құралдарының бірі ойын амалдары. Ойын амалдары дегеніміз –ойынның түпкі ойы және ережелер.

3. Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші «Мектеп жасына дейінгі балалармен театр және ойын қызметін ұйымдастыру » тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды.

- Балабақшада театрландырылған іс-шаралар ұйымдастыру баланың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға,тұлғаның шығармашылық бағытын тәрбиелеуге жақсы мүмкіндік.Театрландырылған іс-әрекет баланың ұялшақтығын ,өзіне деген сенімсіздігін жеңуге көмектеседі.Балалар қоршаған әлемде қызықты идеяларды байқап,оларды бейнелеуге,кейіпкерлердің өзіндік көркем бейнесін жасауға үйренеді. Олардың шығармашылық қиялын ,ассоциативті ойлауын,сөйлеуін,күнделікті өмірдегі әдеттен тыс сәттерді көру қабілетін дамытады.

Тәрбиеші Сайрамбаева М:

- Баяндама өте жақсы жазылған. Түсінікті, талапқа сай. Баяндамада театрландырылған ойын рөлдік ойынмен тығыз байланысты екендігі,сондықтан ойындардың көпшілігі балалардың күнделікті қызығушылықтарының ауқымының артқандығын көрсетті. Балалар рөлде қимыл мен мәтінді,қимыл мен сөзді үйлестіруді үйренеді.

Тыңдалды:

1.Әдіскер М.Тленчина «Сюжеттік -рөлдік ойындар үшін пәндік-дамыту ортасын құру» тақырыбындағы есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін..

2.Тәрбиеші Р. Дауылбаева «Рөлдік ойындар» тақырыбындағы баяндамасы өз тақырыбын ашты, мақсатына жетті деп есептелінсін.

3.Тәрбиеші Ж. Алимханова «Мектеп жасына дейінгі балалармен театр және ойын қызметін ұйымдастыру» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.

Жиналыс төрағасы: П. Охасова

Хатшы: М. Тленчина